

ӨЗЕН



www.ozen.kz

№16 (21) ЖЕЛТОҚСАН

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ



Құрметті әріптестер!

Қазақта «Қос тойың қабат болсын, екі дүниенің абат болсын!» деген жақсы сөз бар. Сол айтқандай, біз де қос мерекені атап өтіп отырмыз. Оның бірі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні болса, бірі – Жаңа жыл мерекесі. Мен Сіздерді осынау мейрамдармен шын жүректен құттықтаймын.

Біз – бабалардың даналық өсиетін ардақ тұтып, оны жалғастырып келе жатқан ұрпақпыз.

Қазақ елін азаттық сүйгіш, рухы биік халық ретінде танытқан Тәуелсіздік біз үшін ерекше қымбат, қасиетті. Егемен еліміздің іргесі берік, рухы жоғары, бақыты баянды болуы жолында жемісті еңбек ету – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Дана халқымыз «Бабын тапсаң, байлық жерде, береке-салтанат елде» дейді. Қойнауына құт дарыған қазыналы еліміздің болашағы жарқын болып, Тәуелсіздіктің туы мәңгілік желбірей берсін!

Санаулы күндерден соң есігімізден 2018 жыл енеді. Біз 2017 жылды тарих қойнауына шығарып саламыз. Бұл жылда көптеген ауқымды жұмыстар атқарылды. Өзен кенорны жаңа заманауи нысандармен толықты. Өндіріске жаңа технологиялар енгізілді. «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірісті жаңғырту бағдарламасын кең көлемде дәйекті іске асырып келеді. Бұл жұмыстар алдағы жылы да жалғасын таппақ.

Компания үшін негізгі құндылық – қызметкерлері. Осы орайда мұнайшылардың еңбек ету жағдайын жақсарту жұмыстарына жан-жақты көңіл бөлініп отыр. Көптеген тұрмыстық-шаруашылық кешендер бой көтеріп, пайдалануға берілді. Жаңа Ұжымдық шарт қабылданды. Компания қызметкерлерінің әлеуметтік, еңбек жағдайларының жақсаруы мен нығаюына бар мүмкіндік жасалуда.

Мұнай өндіру деңгейін дамыту және тұрақтандыру-өндіріс үшін өзекті іс. Сондықтан қадірменді әріптестер, Жаңа Жылда жаңа жетістіктеріміз көп болсын! Сіздердің дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Жаңа жылда арман-тілектеріңіз орындалсын. Тәуелсіз мемлекеттің ер таңы арайлап атып, ер жылы табысқа толы болсын! Жаңа жыл құтты болсын!

Игі тілекпен: Бекзат Абайылданов
«Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директоры





ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ЖИЫН ӨТТІ

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай өзенмұнайгаздық бір топ азамат «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамоталарымен, ескерткіш белгілерімен, алғыс хаттарымен марапатталды. Мұнайшыларды бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров және кәсіподақ ұйымының төрағасы Наурыз Сақтағанов құттықтады.

«Әлемде 5 мыңнан астам ұлт пен ұлыс мекендейтін болса, соның екі жүзі ғана тәуелсіздікке ие. Тәуелсіздік – біздің басты қазынамыз! Бұл елдің қолына зарықтырып барып қонған бақыт құсы. Біз үшін одан биік, одан мәртебелі мұрат жоқ. Бар қазаққа оны көздің қарашығындай сақтау міндет! Баршаңызды ұлық мерекемен құттықтаймын», - деді М.Ибағаров.

Салтанатты жиын «Керуен» тобы мен әріптесіміз Жаңыл Қойшыбаеваның патриоттық тақырыптағы әндерімен әдіптелді.



11 желтоқсан күні «Маңғыстау облысы жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жұмысшы жас мамандар арасында «Jigit sultany - 2017» облыстық байқауы өтті.

ЖІГІТ СҰЛТАНЫ АНЫҚТАЛДЫ



Байқауға жеті жігіт қатысып, өлкедегі өндіріс ошақтары «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Мейірбике» колледжі, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» АҚ, «Бейнеу аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКҚ, «Argymak TransService» ЖШС, «Oil Construction» ЖШС намысын қорғады.

Жігіттерге үш түрлі сынақтар ұсынылды. Алдымен олар өздерін таныстырды. Екінші кезеңде көп алдында өнерлерін көрсетуден сайысқан жігіттер өздерін сан қырынан танытуға тырысты. Бірі би билесе, екіншісі әуелете ән салып, кейбірі күмбірлете күй тартып, көрерменнің көзайымына айналды. Одан соң спорттық сайыста бақтарын сынады. Байқауға дайындық барысында жігіттер ипподромда атқа отыру өнері бойынша өзара сайысқа түскен, олардың өнеріне баға берген әділқазылар

жігіттердің ат әбзелдерін, жылқының жасын, түсін қазақи ұғымға сай сипаттай білуін, әр жігіттің атқа мініп шабу өнерін, жамбы ату бойынша мергендіктері мен ептіліктерін бағалады.

Соңғы сынақ бойынша жігіттердің зияткерлік деңгейін анықтайтын сұрақ-жауап сайысы ұйымдастырылды. Бұл сыннан сүрінбей өту үшін сайыскерлерге Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасына, Маңғыстау тарихына және халқымыздың сан ғасырлық салт-дәстүріне қатысты 3 түрлі сауалдарға жауап беру қажет болды. Сонымен қатар логикалық сұрақтар да қойылды.

Әрбір сынның нәтижесі бойынша берілген ұпайлар санының қорытындысымен «Маңғыстау жігіттерінің сұлтаны» анықталды.

Қорытынды бойынша «Жігіт сұлтаны» байқауының бас жүлдесіне «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның №3 Мұнай газ өндіру басқармасы, жерасты жөндеу цехының аға операторы Берік Қалбайұлы Қорғанбаев ие болды. Ал II орынға «Мейірбике» колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Жанаман Қадырғалиұлы Бәктереев лайық деп танылса, III жүлделі орынды «Oil Service Construction» ЖШС Әлеуметтік саясат тобының аға маманы Әсет Дүйсембайұлы Нұрсебепов алды. Сайыс жеңімпаздарына Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ абыройын облыста қорғағанына Берік Қорғанбаев қуанышты болса, осы жігітті сайысқа қатыстыруға таңдаған, бастан-аяқ дайындығына көмек көрсеткен Жас мамандар кеңесінің мүшесі Сәнім Мұрадова: «Басшымыз №3 МГӨБ-тен Өзенмұнайгазда өтетін «Жігіт сұлтанына бір жұмысшыны қатыстыруды маған тапсырды. Мен Беріктің жан-жақтылығын, пысықтығын ескеріп, ұсыныс білдірдім. Содан дайындықты бастап кеттік. Нәтижесі өздеріңіз көріп отырғандарыңыздай. Осы орайда компания кәсіподақ ұйымының төрағасы Наурыз Сақтағанов, №3 МГӨБ директоры Жеңісбек Сүлейменов, кәсіподақ ұйымының төрағасы Валерий Қаржаубаев ағаларымызға сайысқа қатысуға қолдау білдіргені үшін алғысымызды білдіреміз» – дейді.

Жыл соңына қарай ұйымдастырылған бұл шарада «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерінің үздік шығуы – зор жетістік. Келер жыл да осындай жаңалықтарға толы болсын!



ҚАБАТТЫ СУ АРЫНЫММЕН ЖАРУ – ТИІМДІЛІГІН НАҚТЫ ДӘЛЕЛДЕГЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Өзен және Қарамандыбас кенорындарында қабатты су арынымен жару (ҚСАЖ) технологиясы бүгінгі таңда тиімділігін нақты дәлелдеген технологиялардың бірі болып табылады. Алғаш рет 2003 жылы аталған технологияны қолдану арқылы Өзен кенорынында 13 белдеуде жасап тұрған №6816 ұңғымасына 18 тонна проппант айдау арқылы ҚСАЖ жұмысы нәтижелі орындалды. Нәтижесінде алғашқы ұңғыма бойынша орташа тәулікке шаққанда 16 тонна қосымша мұнай өнімі алынды.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша 2000-нан астам ұңғымада ҚСАЖ технологиясы жасалды. Өндірістік бағдарламаға сәйкес жылына 100-ден астам ұңғымада ҚСАЖ жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Өзен және Қарамандыбас кенорындары жарты ғасырдан астам уақыттан бері игеріліп келе жатқан кенорындардың бірі, сондықтан бүгінгі таңда негізгі қалған мұнай қорының басым бөлігі өткізгіштігі төмен, күрделенген жер қыртыстарында шоғырланғаны белгілі. Сол себептен жаңадан бұрғыланған мұнай ұңғыларының 50 пайызынан астамы қабатты су арынымен жару технологиясының көмегімен іске қосылуда.

Соңғы екі жылда аталған технологияны көлденең қазылған ұңғыларда жүргізу тәжірибесі қолға алынды, сонымен қатар технологиялық тұрғыда күрделі бірнеше кезектен тұратын ҚСАЖ жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.




Ұзақ уақыттан бері игеріліп жатқан кенорындарға сәйкес сулану көрсеткіші жылма-жыл қарқынды өсу – біздің кенорындарда да басты мәселелердің бірі. Осындай өзекті мәселелерді шешу және ұңғылардың мұнай өндіру көрсеткіштігін арттыруға бағытталған «Өзен және Қарамандыбас кенорындарының даму концепциясы» аясында, жасалатын жобалардың бірі – сулануы жоғары ұңғыларда кешенді түрде ҚСАЖ және шегендеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бұл технологияның ерекшелігі суланған қабатты арнайы полимер айдау арқылы шектеу, содан соң қабатты жару жұмыстарын бір кезеңде жүргізу болып табылады. Нәтижесінде сулану көрсеткіші жоғары ұңғыларда қосымша өнім алу мүмкіншілігі пайда болады. Компаниямызда әлемдегі озық технологияларды енгізу және оларды тиімді пайдалану арқылы болашақта жоспарланған мұнай өндіру көрсеткіштерін орындайтынымызға сенемін.

Дамир ШЫРАҚБАЕВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ Игеру департаменті директорының орынбасары



Көрсеткіштер	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017 (10 ай)	Барлығы
Ұңымалар саны	99	200	216	140	140	200	120	155	150	111	91	80	75	96	127	2000
Орта тәуліктік қосымша мұнай өнімі, (м3/тәулік)	24	32	28	32	31	29	35	31	23	25	26	15	23	30	40	28,3
Сулануы, %	31%	39%	39%	50%	48%	50%	55%	57%	53%	58%	51%	39%	46%	48%	50%	48%
Орта тәуліктік қосымша мұнай өнімі, (м3/тәулік)	15,2	16,4	14,3	13,6	13,6	12,4	13,2	11,3	9	8,8	10,8	7,7	10,1	13	14,7	12,3
Қосымша өндірілген мұнай	133 478	595 825	487 378	539 369	409 830	355 537	717 598	270 179	223 559	120 955	156 824	115 157	122 254	276 624	235 600	4 569 160

Жылдар	Ұңыма саны	Қосымша өндірілген мұнай, мың тонна	Жылдық өндірілген мұнай көлеміне ҚСАЖ технологиясы қосқан үлесі, %
2003	99	133,5	3%
2004	200	582,7	16%
2005	216	1496,9	23%
2006	140	1955,1	30%
2007	140	2187,0	35%
2008	200	2471,9	37%
2009	120	2578,5	41%
2010	155	2136,4	36%
2011	150	2240,5	44%
2012	111	2009,4	41%
2013	91	2156,1	41%
2014	80	2085,1	39%
2015	75	1994,2	36%
2016	96	1885,1	34%
2017 (10 ай)	127	1475,9	32%





ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ

№1 Мұнай газ өндіру басқармасының Жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы жаңа технологияларды өндірісте қолданып отырған цехтардың бірі. Жерасты жабдықтарын кешенді түрде жөндеуден өткізетін цех заманауи технологияның ірі жетістігі болып табылады. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бұл орталықты салудағы негізгі мақсаты техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту, экологиялық талаптарды орындау болды. Сондай-ақ өндірісте қолданатын жерасты жабдықтары – сораптық компрессорлық құбыр, штангалық тереңдік сорап және сораптық шыбықтарды жөндеу жұмыстары арқылы ұзақ пайдалана отырып, жылдық сатып алудағы бюджеттік шығынды азайту.





ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУДІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ



Цехта жуу қондырғысынан бастап тізбектегі қондырғыларға дейін автоматтандырылған жүйеде жұмыс жасайды. Атап айтқанда қозғалыстағы жерасты жабдығы арнайы қондырғыларға негізделген. Барлық жұмыс көлемі орталықтағы диспетчерлік пункт арқылы басқарылады. Осы күрделі процестерді электроншы-инженер мамандар қадағалайды. Цехтағы мамандар күрделі техникалармен қызмет ететіндіктен заман талабына сай алыс-жақын шет елдерде білімін жетілдіріп, арнайы оқулардан өтіп отырады.

Мұнай-газ өндірісіндегі сүбелі бағытты қамдап отырған цехтың басшылық құрамы да, жұмысшылары да білікті адамдар. 20 жылға жуық қара алтын өндірісінде қызмет атқарған Нұрболат Қарабаев цехты 2012 жылдан бері басқарып отыр. «Цехтағы мамандардың дені - жастар. Алайда олар әр жұмысты тиянақты атқарады. Білімді, соңғы технологиялардың тілін меңгеруге бейім», – дейді Нұрболат Қалдыбайұлы. Цехта технологиялық процестерді автоматтандырылған жүйемен басқаруға Болат Үзденбаев жетекшілік етеді. Тоқ жүйесімен қондырғылардың ақаусыз жұмыс атқаруына Марат Батыров, Дәурен

Телеғұсовтар жауапты. Цех басшысының орынбасары Дәурен Ізімов өзінің негізгі жұмысымен қоса түрлі спорттық жарыстарда цех жұмысшыларын алдыңғы қатарда алып келеді. Сондай-ақ инженер-технологтар Наурыз Батыров, Асқар Қуанов, Қайрат Сариєв, аға технолог Жұмабек Шораєв – өз істерінің білікті мамандары. Жөндеуге келген жерасты жабдықтарын қабылдап, жөндеуден өткізуде, жұмысшылардың еңбек тәртібі мен техникалық қауіпсіздіктерін бақылауда, тәуліктік жұмыс нормасын орындай отырып, сапалы өнім шығаруға Зоя Басшыбекова, Мақсат Жабаєв, Қайырбек Сейдов, Жайлау Аққұлов, Берекет Кетебаєв, Арғын Өрбісінов, Қажығали Оразов, Нұржан Тұрышов, Жеңіс Бақытов, Абзал Төлегенов, Бауыржан Жұмағазиев сынды тізбек шеберлерінің үлесі мол. Цехта қазіргі таңда атқарылып жатқан жұмыстарға Нұрболат Қарабаєв былайша тоқталды: «Жасыратыны жоқ, жаңа технологияларға да тынымсыз өндірістегі парафин, тұздану мен қақ жиналу факторлары кері әсерін тигізеді. Кейбір қондырғылар модернизацияны талап етті. Сондықтан жоғарғы басшылық қаражат қарастырды. Сол арқылы СШ, СКҚ тізбектеріне жоғарғы қысыммен сумен тазалау қондырғыларын орналастыру

жұмыстары қолға алынып жатыр».

Жақын арада пайдалануға берілген жерасты жабдықтарын парафиннен тазарту және жөндеуге дайындау бөлімшесі іске қосылды. Ол бөлімшеге №1,3 Мұнай газ өндіру басқармаларының Скважиналарды жерасты жөндеу цехынан ЖАЖ бригадаларына қызмет көрсететін дайындау операторлары, жүк ілдірушілер, барлығы 120 жұмысшы қосылғалы отыр. Цех барлығы 390 адаммен өндіріске қызмет жасауға дайын.

Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехындағы 2017 жылдың жаңалығы – жуу ваннасының іске қосылуы. Жаңа орталық 2017 жылдың тамызында қолданысқа берілді. Орталықта 2 ванна болатын болса, әр қайсысында 2 камера бар. Камералар 45 минут сайын жерасты жабдықтарын жөндеу бригадаларынан келген 70 құбырды жуып шығарады. Яғни тәулігіне бұл жерден 1200-дей сораптық компрессорлық құбыр жуылып-шайылып, өндіріске жөнелтіледі. Сондай-ақ күніне 1000-ға тарта сораптық шыбықтар жуылады. Цех басшысының орынбасары Дәурен Ізімов ванна жаңа техникалардың күшімен жұмыс өнімділігін 2 есеге дейін арттырғанын айтады.

Рационализаторлық және инновациялық ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ – 2017

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ АЯСЫНДА: ЖАРАЙСЫҢДАР, МАМАНДАР!

Рационализаторлық және инновациялық жобалар байқауы – тың шара.

Мақсаты – озық ойлы жастар шоғырын қалыптастыру, өндірістік мәселелердің шешімін табуға жас мамандарды жұмылдыру және жас көшбасшылардың өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік беру. Компания көлемінде байқау жоғары деңгейде өтті.

Жобаларды тыңдап, үздігін анықтаған эксперттер - Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлы, Бас директордың геология және игеру бойынша орынбасары Шолпан Серікбайқызы және комиссия төрағасы Өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Ермек Болатбайұлы бастаған бір топ басшылардың еңбегі зор. Сондай-ақ байқауда әділ төрелік етіп, өндірісті оңтайландыруға арналған үздік жобаларды анықтағаны үшін алғысымызды білдіреміз.



БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

Бас жүлде (150 000 теңге сыйақы)	Жасұлан Қарақұлов №3 МГӨБ ҚҚС слесарі	«Құбыр фланецтерін қауіпсіз ажырату АК-17 аралық кергіш құралы» жобасы
I орын (130 000 теңге сыйақы)	Қадырхан Есімбетов №2 СҚКБ автоэлектрiгi	«15.8106.000 -15 маркалы сұйықтықпен жылытқыштың конструкциясына өзгерту арқылы жетілдіру» жобасы
II орын (100 000 теңге сыйақы)	Әділжан Үсенов №4 МГӨБ МжГӨ операторы	«СС-01 сальник соққыш қауіпсіз құрал» жобасы
III орын (75 000 теңге сыйақы)	Дамир Шырақбаев Игеру департаменті директорының орынбасары	«Ұңғылардан тікелей сынама алатын түтікшені өзгерту арқылы сынама көрсеткішінің дәлдігін көтеру» жобасы
«Үздік экологиялық жоба» номинациясы (60 000 теңге сыйақы)	Әлібек Қосжанов №4 МГӨБ МжГӨ операторы	



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ АЯСЫНДА: ЖАСҰЛАН - ЖҮЛДЕГЕР!

Рационализаторлық және инновациялық жобалар байқауының соңғы бөлімі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы арасында өтті. «Өзенмұнайгаз» АҚ жеңімпазы №3 МГӨБ ҚҚС слесарі Жасұлан Қарақұлов "Құбыр фланецтерін қауіпсіз ажырату АК-17 аралық кергіш құралы" жобасымен екінші жүлделі орынды иеленді.

Жасұлан Қарақұлов: «Жобамды 2017 жылдың басында қолға алдым. Жыл соңында таныстырдым. Байқаудың жастарға берері өте көп. Мұнай өндірісін жақсартуға, жаңа идеялардың туындауына себепші. Мамандарды ынталандырады. Мұндай конкурстар жиі өткізілсе, қара алтын өндірісі оңтайланады деп ойлаймын. Екі жақтағы байқау да өте жоғары дәрежеде өтті. Жаңашыл жобаны компаниямызда ұйымдастырып жүрген жас мамандарға алғысымды білдіремін».



Жылдың соңы

«Армандар орындалады» тақырыбындағы рухани жаңғыру аясында Жайдарманның ақтық ойыны тұрақты жүргізуші Арғынбек Қалбайдың «Бар жанарды жаулаған Жайдарман» деген сөзімен ашылды. Сайысқа сайдың тасындай іріктелген мықты 8 команда қатысты. «Ертөстігім бір төбе» демекші, сайысқа білгілі бір себептермен мықтылар санатына кіретін БЖБ командасы қатыспады.



ЖАЙДАРМАЖЫ

Сонымен «Сәлемдесу» кезеңінің шымалдығын ӨТҚЖЖБ командасы ашты. Сәтті шыққан әзілдердің қатарына 2-сынып оқушысының анасына келіп, математика пәнінен көмектесуін өтінгенін айтуға болады. Анасы дауыстап есептің шартын оқиды. Сіз де тыңдап көріңіз... «Әйгерімде 2 алма. Әнуарда 2 алма. Төреде 7 банан. Сұрақ: Зерде неше жүзім бар?». Ал мықты болсаңыз күлмей көріңіз. Ойыншылар осы әзілі арқылы оқулықтарда орын алған олқылықтарды есімізге салып өтті. Әйтсе де ӨТҚЖЖБ командасы алдыңғы ойындағыдай жарқырап жана алмады.

жұмыссыз қалған екен», 3-әзіл «Ауруын жасырған өледі» деген нақылды естіп алған бір шал далаға шығып алып «Маған шикан шықты» деп айқайлап жүрген көрінеді. 4-әзіл «Қимаймын, қимаймын. Далаға енді сыймаймын. 70 мыңға (зейнетақы мөлшері) қалай шыдаймын» – деп әндетеді екен. 5-әзіл «Алтын қымбаттағалы ауызымды жауып күлетін болдым» (ауызы толы 32 алтын тісін бірінші көрермендерге жарқыратып көрсетіп алды да, сосын ауызын қолымен басып күлді). Көрермендер ішегі үзілгенше күлді.



Түктері, «жамбы атудан» №3 СҚКБ жүлдегер атанды. Үйге тапсырма кезеңіндегі көріністерге командалар барынша егжей-тегжейлі дайындалыпты.

Ал «Тақиялы періште» фильмінің желісі бойынша дайындаған №3СҚКБ көрінісі көпшілік көңілінен шықты. 48 жасқа келген Тайлаққа жар іздеп табанынан таусылған кейуананың образы өте сәтті шыққан.

АжТБ команда мүшелері бұрынғы жайдарманшы Мақсат Оңайбаевты көмекке шақырды. Әкімнің образын сомдаған Райымбекке Мақсат «Жетібай мен Ақтаудың арасындағы жол зың-зың, Жетібай мен Өзеннің арасындағы жол дың-дың»-деп әндетеді. Әкім бірден «мынау маған проблема айтып отыр ғой»-деп қолын бір сілтеп, кетіп қалады. Команда өздерінің көрінісін «бар болыңыздар, нар болыңыздар» деген тілекпен аяқтайды.

№1 МГӨБ командасы хан ордасына келген Аяз Атаны «талқылап», нәтижесінде хан (Ерко) Аяз Атаны қазақ шекарасына кіргізбеуге жарлық шығарады. Оның «Сақылдаған суықта, қыстың қақ ортасында «қаңғып» жүрген нағылған жаңа жыл бұл! Жаңа жыл деген жылы уақытта, табиғаттың өзі еміреніп, жан-жануарлар түлеп, дала да жаңғырып, түрлене бастаған кезде келмеуші ме еді?!»-деген нақылға бергісіз сөзі көрермен тарапынан қызу қолдау тауып, қошеметке ұласып жатты.

«Төстік күн сайын емес, сағат сайын өсіп жатыр»-деген уәзірдің сөзіне хан «азық-түліктің бағасы сияқты екен» - деп жауап береді. Жай айтыла салған сөз сияқты болғанмен, адам еріксіз күледі. Өйткені, шындық!

ӨЭМБ командасы Аша Матайдың «Қалаулым» бағдарламасының өзендік нұсқасын ұсынды.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне» келетін болсақ, кеш керемет өтті. Маңызды шаруаларынан босай бермейтін басшылардың «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» түгел келуі – көңілге қуаныш ұялатты. Тіпті сахнада қалалық мәслихат депутаттарының төбе көрсетуін жақсы нышанға жорыдық.

Өз кезегінде сөз алған Әлеуметтік-әкімшілік департаменті директоры Тарас Алеудинов әдемі ойыны үшін №3 СҚКБ командасына ерекше алғыс білдірді.

«Бәрін айт та, бірін айт» демекші I орынға №1 МГӨБ, II орынға №3 МГӨБ, III орынға ӨЭМБ ие болды. Жүлдегерлерге 150,125,100 мың теңге қаржылай сыйлық берілді.

Ал көпшілік көңілінен шыққан, жас болмаса да жастармен дүбірлі додаға шығуға қаймықпаған, «қайтер екенбіз» – деп саспаған №3 СҚКБ-ға кәсіпкер, меценат Тимур Мусаевтың, АжТБ командасына Кәсіподақ ұйымының арнайы жүлдесі тағайындалды.

Компания Жас мамандар кеңесінің төрағасы Бауыржан Бәйімбетов өздеріне сөзбен де, бөзбен де қолдау көрсеткен бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлы мен кәсіподақ төрағасы Наурыз Өзбекұлын салтанатты түрде жас мамандар кеңесінің атынан алғыс хатпен марапаттады.

Ойын барысында командалар қоғамда орын алған кеселді сөзбен түйреп, әзілдерімен соның түйінін тарқатуға, шипасын табуға тырысты. Бірнеше сағат бойы кеңілдетіп, екі иықты селкілдетіп күлдірген жайдарманшыларға Алланың нұры жаусын дейміз!

Бибігүл Бөбекбай.



Қадірлі Аманберді Сатұрмиев!

Сізді 50 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. «Бірінші байлық – денсаулық» дейді, деніңіз сау болып, ойлаған армандарыңызға, көздеген мақсаттарыңызға жете беріңіз. Қашан да ұжымда абырой биігінен көрініп, өзіңізге жүктелген міндеттерді қалтқысыз орындадыңыз. Алда да сол қалпыңыздан өзгермеңіз. Шаңырағыңызға шаттық пен амандық, қызметіңізге зор жетістіктер тілейміз. Табыстан табысқа жетіп, ұжымыңыздың арасында қадіріңіз артып, сыйыңыз еселене берсін! Өмір жасыңыз ұзақ болсын!

Ізгі тілекпен: №2 Мұнай газ өндіру бөлімінің ұжымы



Құрметті Оразғали Жұмабергенұлы!



Ердің жасы – 50-ге келген мерейлі сәттің құтты болсын!

Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, қажымас қайрат,

мол табысты еңбек, шексіз бақыт тілейміз. Ұжым алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз!

Елу деген ердің жасы еңселі,

Елу деген парасаттың өлшемі.

Елу деген ес тоқтату, есею,

Елу деген елдің жүгін көтеру.

Жарқылдасаң самғап ұшқан сұңқардай,

Азамат деп мақтан тұтар ел сені.

Тірлік – теңіз, ес елудің ескегін,

Өнгө толсын, күйге толсын көштерің.

Шын жүректен бақыт тілеп сарқылмас,

Туған күнмен, шат күніңмен өзіңді,

Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Құттықтайды барша әріптестерің.



Ізгі тілекпен: №1 Мұнай газ өндіру басқармасының ұжымы



СПАРТАКИАДА

ТІРШІЛІКТІҢ ӨЗЕГІ – ҚОЗҒАЛЫС

Әрекет, қозғалыс һәм қимылдың тіршілік атаулының өзегі екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Үнемі қызу жұмыста жүретін №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы оны жақсы түсінеді. Басқарма басшылығы сондықтан футбол, волейболдан еңбек ұжымы арасында цехаралық спартакиада өткізді. Қызметкерлер арасындағы тың шара тартысты, қызу өтті. Нәтижесінде футболдан I орынға №3 автотізбек, II орынға №4 автотізбек, III орынға механикалық жөндеу цехы ие болды. Ал волейболдан I орынға №4 автотізбек, II орынға аппарат басқармасы, III орынға №1 автотізбек ие болды.

Жеңімпаздарды марапаттауға басқарма директоры Наурыз Рахметов пен кәсіподақ төрағасы Сәбит Төкенов қатысты.

«Адамның мәнді де мағыналы ұзақ өмір сүруінің негізі – оның денсаулығы. Денсаулықтың арқасында адам өнімді еңбек етіп, жетістікке жетеді және жақсы өмір сүреді»-деген басқарма директоры спартакиадаға бір кісідей жұмыла қатысқан ұжымға алғысын білдірді.



ЖЕҢІМПАЗ

Жандос Бүркітбайұлы Тағанов – «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның аға заңгері. Компанияның жұмыс бағытын заңдық тұрғыдан бақылаушы білікті маманның физикалық жақтан да мықты екенін бірі білсе, бірі білмейді. Жастайынан білімге талпынған Жандос Бүркітбайұлының спортқа бейімділігі басым болды. Жасөспірім кезінде өзі оқыған мектептің абыройын қорғап, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрді. Жастар арасында жамбасы жерге тимей, 2000 жылы Маңғыстау ауданының «Түйе палуаны» атанды.

«ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР...»

«Алма ағашынан алыс түспейді», – дейді. Жандостың қос ұлының бірі – Ұлан да спорттан қашық жүрген жоқ. Оған әкесі үлгі. Компания қызметкерінің 13 жасар баласы Ұлан Бүркітбаев бүгінге дейін талай жарыс жолында жалындап көрініп, жеңімпаз танылып үлгерді. Ол Қазақстан Халқының бірлігі күніне және Чернобыль атом электрстанциясындағы апатқа 30 жыл толуына орай дзюдо күресінен өткен Жаңаөзен қалалық ашық біріншілікте 35 кг. салмақтағы жасөспірімдер арасында I орын, С.Шапағатовты еске алуға арналған 2004-2006 жылы туылған жасөспірімдер арасында Маңғыстау облыстық ашық турнирінде I орын, «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне орай ұйымдастырылған Жаңаөзен қалалық ашық турнирде 38 кг. салмақ дәрежесінде II орын, Астана қаласында өткен турнирде II орын, 2016 жылы Астана қаласында дзюдодан өткен республикалық турнирде 35 кг. салмақ дәрежесінде III орын алған.

«Ұланның ағаларында, аталарында әншілік, жыршылық өнер бар. Баламның бойында да ондай қасиеттер жоқ емес. Бірақ мен оны Елдос Сметов сияқты әлем және олимпиада чемпионы болсын және өзін қорғай алатын мықты азамат болсын деген ниетпен 2015 жылы қазанда Жаңаөзен қаласындағы «Энергетик» спорт кешеніне дзюдо спорт түріне бердім. «Әп» дегеннен аяқ алысы жаман болған жоқ. Өте ұзақ уақыт өтпесе де Ұлан жеңістерімен қуанып жатыр. Жаттықтырушылары да өлкеге танымал Мереке, Жанболат, Сапар деген азаматтар. Жас баланы жақсы спорт түріне тиянақты дайындап келе жатқан жігіттерге де ризамын. Сондай-ақ баламды ойы жүйрік, шапшаң шешім қабылдай алатындай болсын деп қосымша шахмат үйірмесіне де қатыстырып жүрмін», – дейді Жандос.

«Әке балаға сыншы» дегендей, Жандос Бүркітбайұлы Ұланның әр қадамын жіті бақылап отырады. Спорттық киімдері мен құрал-жабдықтарынан да тарықтырған емес, өзі күрестің қыр-сырын бір кісідей білетіндіктен ақыл-кеңесін де аямайды.

Ұлан спортта жеңімпаз жеткіншек болғанмен, мектепте де озат шәкірт. Білімді, салауатты өмір салтын қалыптастырған, дені сау ұрпақ ел болашағын қалайды десек, әріптесіміз Жандос Бүркітбайұлының бала тәрбиесіндегі өнегелі қадамдарына алғысымызды білдіреміз.

«Бұл – компания қызметкерінің баласы» деп Ұланмен мақтанып отырсын әріптестеріңіз. Жас спортшының алдағы қадамдарына сәттілік тілейміз!



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК ГАЗЕТИ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г күзегі берілген

Жобаның жетекшісі:

Жұртшылықпен байланыс департаменті

Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**

Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz

Журналист: **Индира Сәтенбаева**

Пошталық мекенжай: satenbaeva@bk.ru

Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады